

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ**

**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ**



**Бекітілді**

Департамент кеңесінде

Хаттама № 4

«28» 12 2020 ж.

Департамент директоры



**ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП**

**Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы**

**2020/2021 оқу жылы**

**Алматы, 2021 ж.**

## МАЗМҰНЫ

1. **Кафедраның жалпы сипаттамасы** (кадрлар потенциалы, ПОҚ-ның сандық-сапалық көрсеткіші)
2. **Оқу үдерісі** (ПОҚ-ның педагогикалық жүктеме сағатының жоспарлануы және орындалуы, білім алушылар контингенті, үлгерімі)
3. **Ғылыми-зерттеу жұмыстары** (профессор-оқытушылардың ғылыми еңбектері мен мақалалары, оқу құралдары, конференциялар, біліктілікті жетілдіру сертификаттар)
4. **Тәрбие үдерісі** (ҚХА кафедрасында атқарылған іс-шаралар, студенттердің «Бірлік» Ассамблеясының құрамы, іс-шараларға қатысуы, кездесулер)
5. **Уәкілетті органдармен байланыс**

**Қосымша (фото есептер)**

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі  
Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының  
2020-2021 оқу жылының 1 жарты жылдығында атқарылған іс-  
шаралары туралы**

**ЕСЕБІ**

**1. Кафедраның жалпы сипаттамасы.**

Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің өзара түсіністігі мен ынтымақтастығы туралы Меморандумға қол қойылды. Қол қойған тұлғалар: ҚХА кафедралар Ассоциациясының төрағасы, э.ғ.д., профессор А.А.Башмаков және Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, п.ғ.д., профессор Т.О. Балықбаев.

Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының құрылымы университеттің штаттық кестесімен анықталып, жұмысы ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

Кафедра меңгерушісі-ф.ғ.к., доцент Г.П.Шаһарман.

Ассамблея кафедрасы университеттің құрылымдық бөлімшесі ретінде Тәрбие жұмысы және әлеуметтік даму проректорының қарауында жұмыс атқарады.

Кафедраның материалдық базасы жоғары деңгейде. Кабинетке күрделі жөндеу жасалған.

Кафедраның саяси мазмұны ескеріле отырып, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен қамтылған.

Жаңа пәнді «Т.С.Садықов атындағы Қазақстан тарихы» мен «Саясаттану және Әлеуметтік-философиялық пәндер» кафедрасының профессор-оқытушылары ҚХА кафедрасы базасында жүргізеді. Мамандар құрамында 1 саясаттану ғылымдарының докторы, профессор; 1 саясаттану ғылымдарының кандидаты, профессор; 2 тарих ғылымдарының кандидаттары, доцент; 1 саясаттану ғылымдарының магистрі, оқытушы және 1 гуманитарлық ғылымдар магистрі, оқытушысы сабақ береді. Кәсіби деңгейлері біліктілік талаптарына сай келеді. Кафедраның ғылыми әлеуеті – 80%.

**2. Оқу үдерісі** (ПОҚ-ның педагогикалық жүктеме сағатының жоспарлануы және орындалуы, білім алушылар контингенті, үлгерімі). Кафедра 2020-2021 оқу жылынан бастап **«Этносаралық келісімнің қазақстандық үлгісі»** арнайы курсы енгізілді. Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының 2020/2021 оқу жылына арналған профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесі- 2.0 штаттық бірлік, 2 кредит, 52,75 сағат. Жаңа пәннің оқу-әдістемелік жобасы жасалып, силлабустары толықтырылды. Арнайы пән бойынша әдістемелік оқу құралдары әзірленуде. Пәнге сәйкес ғылыми мақалалар жарияланып, дін өкілдерімен, құқық қорғау өкілдерімен семинарлар өткізілді.

№	Оқытушы проф. аты-жөні	Қызметі	Бірлік саны	Ауд.кредит саны	Кредит саны	Ескерту
1	Ішпекбаев Ж.Е.	с.ғ.к., профессор	0,25	2,87	5,75	қосымша
2	Симтиков Ж.Қ.	с.ғ.д., профессор	0,25	2,87	5,75	қосымша
3	Ермуханов Е.Н.	т.ғ.к., доцент	0,25	2,87	5,75	қосымша
4	Оспанова Р.Р.	т.ғ.к., доцент	0,25	2,87	5,75	қосымша
5	Қарғаев Қ.А.	магистр, оқытушы	0,5	7,15	14,25	қос қызметтілік
6	Ағыбаев А.Б	магистр, оқытушы	0,5	7,7	15,5	қосымша
	<b>Барлығы:</b>		2,0	26,33	52,75	
	<b>Вакансия:</b>					

**Симтиков Ж.Қ.** Оқу процесі бойынша. 2020-2021 оқу жылындағы кафедрада бекітілген жүктеме бойынша аудиториялық сабақ екінші семестрге жоспарланған.

**Ермуқанов Е.Н.** Оқу жылында кафедрада жоба ретінде оқытылатын «Этносаралық келісімнің Қазақстандық моделі» пәні бойынша дәрістер мен практикалық сабақтар бірінші жартыжылдықта Филология және көптілді білім беру, Математика, физика және информатика институттарының «6В023036-Филология», «6В023037-Аударма ісі», «6В054055-Математика», «6В061057-Ақпараттық жүйе», «6В061057-Математикалық және компьютерлік моделдеу» мамандықтарында жүргізілді. Оқу жылының басында пәннің силлабусы жасалып, оқу бағдарламасына сәйкес 15 апта бойы жоғарыда аталған мамандықтарда пәннің негізгі курсы оқылды. Семестрдің аяғында осы пән бойынша жүргізілген сауалнамада студенттер өздеріне көп мағлұматтар алғандарын, елімізді ұлттық саясаттың қалыптасуы мен даму бағыттары жөнінде түсініктерінің кеңейе түскенін атап көрсетті.

**Оспанова Р.Р.** 2020-2021 оқу жылының жоспарына сәйкес жаратылыстану – география институты қазақ бөлімі 1 курс (күндізгі бөлім,), бөлім ғылыми бағыттағы мамандықтар студенттеріне «Этносаралық келісімнің Қазақстандық моделі» курсы бойынша 6 кредиттік сабақ жоспарланған. Жоспарға сәйкес жыл басында «Этносаралық келісімнің Қазақстандық моделі» пәні бойынша силлабус және оқу - әдістемелік кешен жасалынды. Дәрістер курсы толықтырылып, қайта өңделді. Сабақтар дәріс, семинар және СӨЖ түрінде өткізіледі.

**Қарғаев Қ.А.** 2020-2021 оқу жылына арналған кафедрада бекітілген оқу жоспары бойынша 1 семестрге 4,25 кредитке жоспарланған оқу жүктемесі атқарылды. Аудиториялық сабақтар елдегі пандемия жағдайында zoom платформасы арқылы жүзеге асырылды. Менің оқу жүктемем бойынша Математика, физика және информатика институтының 6В053054 физика мамандығының 201, 202, 203, 204, 205, 206, 207, 208 топтары мен Филология және көптілді білім беру институтының 6В023036-Шетел филологиясы: шығыс тілдері (араб, қытай, түрік) 101 тобында «Этносаралық келісімнің Қазақстандық үлгісі» пәнінен лекция/семинар сабақтары өткізілді. Сабақ

күнтізбесі бойынша бейсенбі және жұма күндері сабақ өткізіліп орындалды. Пән бойынша жоспары, мазмұны бекітіліп силлабусы жасалынды. Лекция/семинар өткізу барысында негізгі мақсаты танымдық білім берумен шектелмей тәрбиелік рөлі да жоғары маңызға ие болды. «Мен пәнді оқу барысында нені түсіне алдым» тақырыбында пәнге қызығушылығы мен ұсыныстары негізінде эссе тапсырмасы орындалды.

**Ағыбаев Ә.Б.** Оқу процесі бойынша, 2020-2021 оқу жылындағы кафедрада бекітілген жүктеме, аудиториялық сабақ бірінші семестрде жоспар бойынша өткізілді.

Арнайы курс университеттің педагогикалық емес барлық мамандықтарында, орыс, қазақ бөлімдерінде, 1-курстарда жүргізіледі. Қазақ бөлімдерінде – 1691 студент, орыс бөлімдерінде-160 студент оқиды. Үлгерімі 90%.

### **3. Ғылыми-зерттеу жұмыстары (профессор-оқытушылардың ғылыми еңбектері мен мақалалары, оқу құралдары, конференциялар, біліктілікті жетілдіру сертификаттар)**

1. Кафедра тарапынан төмендегідей ғылыми еңбектер мен мақалалар жарияланды.

Негізгі бағыты: этносаралық, конфессияаралық келісім мен толеранттылық, қоғамдық келісімнің қазақстандық моделін насихаттау.

**Симтиков Ж.Қ.** Алғашқы жарты жылдық бойы бірнеше теориялық, практикалық конференцияларда баяндамалар жасап он-лайн және оф-лайн түрінде қатыстым. Бірнеше мақалалар жарияланды. Атап айтсақ, Абай атындағы қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде және де басқа да Алматы қаласының Жоғары оқу орындарында баяндамалар жасалды.

**Ермұқанов Е.Н.** Жоспар бойынша жобаланған ғылыми мақала Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысының 2020 жылғы №4 санында («Қазақ қоғамындағы прагматистік өмір салтының алар орны» тақырыбында) жарық көрді. Оқу жылының соңына дейін тағы да ғылыми мақалалар жариялауды жоспарлап отыр.

**Оспанова Р.Р.** Екі оқу құралы дайындалуда және Scopus базасына екі мақала баспаға берілген. (HISTORY OF PARTNERSHIP RELATIONS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN WITH FAR ABROAD COUNTRIES (1990-2000) // Astra Salvensis. Arts and Humanities: History. ISSN: 2393-4727. Romania. 2021. және Каирден шығады)

**Қарғаев Қ.А.** Алғашқы жарты жылдықта әл-Фараби атындағы ҚҰУ, Абылай хан атындағы ҚазақХҚжӘТУ, Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және Этнология институтында өткізілген ғылыми-практикалық конференциялар мен дөңгелек үстелдерге, кездесулерге қатысты. Абылай хан атындағы ҚазақХҚжӘТУ, халықаралық қатынастар кафедрасында өткізілген Күрпебаева Ғазизаның философия докторы диссертациясының алдын ала қорғалуына қатысты. Барлық қатысулар онлайн форматында өтті. «Қазақстан этносаралық келісім мен тұрақтылықтың үлгісі және Рухани

жаңғыру» УДК 323 тақырыбында Абылай хан атындағы ҚазақХҚЖӘТУ нің «Вестник КазУМОиМЯ» журналына ғылыми мақала берілді.

**Ағыбаев Ә.Б.** Алғашқы жарты жылдық бойы бірнеше теориялық, практикалық конференцияларда он-лайн және оф-лайн түрінде қатысты. 25.11.2020 және 26.12.2020 күндері өткен конференцияда, «Этносаралық келісімнің Қазақстандық моделі» және «Қазақтану» курстары бойынша оқу құралдарын жазу туралы ұсныстарды талдады. Әрі 2020-2021 жылдың екінші семестіріне жоспар құрылды.

#### Кафедра профессор-оқытушылардың ғылыми еңбектері мен мақалалар тізімі

№	Профессор-оқытушылар аты-жөні	Ғылыми еңбек, мақала атауы	Журнал, баспа атауы	Қосымша авторлар
1.	Шаһарман Г.П.	«Абай мұрасы – ортақ қазына»	Үш қоңыр №50 (517) 11 желтоқсан 2020 жыл.	
2.	Шаһарман Г.П.	«Тәуелсіздік тірегім – Қазақстан жүрегім»	Sayasat №2 23 желтоқсан 2020 жыл.	
3.	Симтиков Ж.Қ.	LEGAL ISSUES FOR ELECTRONIC DOCUMENTS WORKFLOW REGULATION	Legal Issues for Electronic Documents Workflow Regulation (p. 293-318). Accepted: 27/02/2020	
4.	Симтиков Ж.Қ.	Қазақтың рыцары	Jas Qazaq қоғамдық-саяси, ақпараттық-танымдық, ақпараттық-сараптамалық газет. Алматы, №11-12 (791-792) 20 наурыз, 2020 жыл	
5.	Симтиков Ж.Қ.	Қазақтың рыцары	Jas Qazaq қоғамдық-саяси, ақпараттық-танымдық, ақпараттық-сараптамалық газет. Алматы, №13-14 (793-794) 793-794) 24 сәуір, 2020 жыл	
6.	Симтиков Ж.Қ.	Великие турки Восточного Ренессанса как предшественники мировой культуры	Материалы научной конференции на тему: «Аль-Фараби и вопросы модернизации интеллектуальной культуры современного общества» (Әл-Фараби және қазіргі қоғамдағы интеллектуалды мәдениетті жаңғырту мәселелері) «Институт философии, политологии и религиоведения» Комитета науки МОН РК. Алматы,	Булекбаев С.Б.

			10.06.2020.	
7.	Симтиков Ж.Қ.	Қ. Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы негізіндегі Абай этикасы бүгінгі мемлекетшілдіктің феномені ретінде	Материалы онлайн круглого стола на тему «Этика как ядро казахской философии» (Этика - қазақ философиясының өзегі). «Институт философии, политологии и религиоведения» Комитета науки МОН РК. Алматы, 23.06.2020.	
8.	Симтиков Ж.Қ.	Известные представители Восточного Ренессанса как движущая сила мировой культуры	Proceedings of Multidisciplinary Studies for Future Asian Community Toward Asian Community: Seoul, 2020	
9.	Симтиков Ж.Қ.	History and methods of solving political conflicts in the world politics	Franco Angeli. Rivista di Studi sulla Sostenibilita 2020(1), Italia	Nuralina, B.A., Khussainova, G.D., Simitikov, Z., Mukazhanova, A.Zh., Dyussenova, N.K.
10.	Симтиков Ж.Қ.	Болашағын болжаған ел ұтылмайды	Ана-тілі газеті. №46, дөңгелек үстел материалы 12-18 қараша 2020ж.-8б.	Аташ Б.М.
11.	Симтиков Ж.Қ.	«Философское и духовное наследие Абая и современность»	Круглый стол Института философии, политологии и религиоведения совместно с Институтом литературы и искусства КН МОН РК имени М.О. Ауэзова. в онлайн формате 8 апреля 2020 года	
12.	Симтиков Ж.Қ.	«Философия языка Восточного Ренессанса: опыт компаративистского анализа наследия Аль-Фараби и Ж.Баласагуни»	Республиканская научно-практическая конференция (форум) «Аль-Фараби и вопросы модернизации интеллектуальной культуры современного общества». 10 июня 2020 года в онлайн формате.	
13.	Симтиков Ж.Қ.	«Этика как ядро казахской философии»	Круглый стол ИФПР. 23 июня 2020 года в онлайн формате.	
14.	Симтиков Ж.Қ.	Основатели духовной ценности восточного ренессанса	Материалы Республиканской конференции «Духовные ценности как основы фундамента культуры народов». 20 октября 2020 года	

			ҚазНПУ им Абая	
15.	Ішпекбаев Ж.Е.	Қазақстандағы қоғамдық дипломатия және аумақтық брендинг қызметі.	Абай ат. Қазақ ҰПУ ХАБАРШЫ «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №3(66), 2020-275	Оспанова Р.Р.
16.	Ермұқанов Е.Н.	Рухани жаңғыру аясындағы ұлттың бәсекелік қабілеттігінің алғышарттары.	Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы №2, 2020.	Сүтеева Х.А.
17.	Ермұқанов Е.Н.	Қазақстанның тарихын зерттеген XVIII-XX басындағы Ресейлік тарихнаманың теориялық-методологиялық негіздері.	Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы №2, 2020.	Сүтеева Х.А.
8.	Ермұқанов Е.Н.	Патшалық Ресейдің Қазақстанға орыс шаруаларын қоныстандыру саясатына қазақ зиялыларының көзқарасы (XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басы).	«Рухани жаңғыру – Ұлт болашағының жарқын бағдары» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары 15 мамыр 2020 жыл.	Халидуллин Ғ.
19.	Ермұқанов Е.Н.	XIX ғасырдың II жарт-ғы Орыс-Қытай қатынастарында «Іле дағдарысының» пайда болу себептері және осы оқиғаға қатысты Ресейдің Сыртқы Істер Министрлігінің Азиялық Департаментінің және Түркістан әкімшілігі К.П. Кауфман мен Г.А. Колпаковскийдің ұстанған стратегиясы мен тактикасы.	Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы №2, 2020.	Сүтеева Х.А.
20.	Ермұқанов Е.Н.	Қазақстанда гендерлік теңдікке қол жеткізуге бола ма: жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғауға назар аудару.	Халықаралық дискриминация және заң журналы (2020) Scopus	Хамзина З. Бурибаев Е. Алшуразова А.
21.	Оспанова Р.Р.	Қоғамдық сананы жаңғыртудағы патриотизм	Абай ат. Қазақ ҰПУ ХАБАРШЫ «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №3(66), 2020-521	Бекбаева Т.А.
22.	Оспанова Р.Р.	Внешнеполитические инициативы Казахстана в условиях глобализации и интеграции.	// Қазіргі заман және гуманитарлық ғылым. Гуманитарные науки и современность Қазақ спорт	Жанганатова К.Н.

			және туризм академиясының 75 жылдық мерейтойына арналған алтыншы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция – Алматы, 2020 - 312 -318 бб.	
23.	Оспанова Р.Р.	Қазақстандағы ғылым және білім беру саласындағы ғаламтор жүйесінің орны мен рөлі.	//«жастар саясаты саласындағы халықаралық ынтымақтастық стратегиясы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалы Туран, 2020ж. шілде 164 бб.	
24.	Оспанова Р.Р.	Қазақстан жастарының интеллектуалды дәрежесін көтеру.	Абай ат. Қазақ ҰПУ ХАБАРШЫ «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №4(67), 465-469	Бекбаева Т.А.
25.	Қарғаев Қ.А.	Қазақстан этносаралық келісім мен тұрақтылықтың үлгісі және Рухани жаңғыру	Абылай хан атындағы ҚазақХҚжӘТУ ХАБАРШЫ «Саясаттану» сериясы, 2020	Досжанова А.И.
26.	Агибаев А.Б.	Попытка оживить науку хадис в Центральной Азии XX веке, о вкладе Шами-дамуллы в его развитие	// Материалы международной научной конференции студентов и молодых ученых «Фараби Әлемі», Том 2, Алматы, 6-9 апреля 2020г., «Қазақ университеті».	Бегалинова К.К.
27.	Агибаев А.Б.	Положение обычаев в исламском праве	«Вестник Казахского национального имени аль-Фараби», Алматы, 2020г.	Жамашев А.Ш. Чалғымбаев Е.Б. Карибеков Р.О.

### Біліктілікті көтеру сертификаттары, 2020-2021 жж.

№	Аты-жөні, қызметі, ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі	Біліктілікті көтеру курсынан өткізген мекеме	Курс бағдарламасының тақырыбы	Өту мерзімі	Сағат көлемі	Растайтын құжат
1	Г.П. Шаһарман, филология ғ.к., доцент	Ақтау қаласы, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг	«Абай танымындағы Адамзат пен Жаратылыс концепциясы»	26.02.2020-06.03.2020.	72 сағ.	Сертификат

		университеті				
2	Г.П. Шаһарман, филология ғ.к., доцент	Петропавл қаласы, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Университеті	«Қазақстан Республикасы этносаясатының императивтерін ҚР жоғары оқу орындарының оқу- білім беру үдерісіне енгізу жолдары мен тетіктері»	04.11.2020- 05.11.2020.	12 сағ.	Сертификат №2010
3	Г.П. Шаһарман, филология ғ.к., доцент	Абай атындағы ҚазҰПУ	«Цифырлы педагог»	24.07.2020- 29.07.2020.	36 сағ.	Сертификат
4	Ж.Қ. Симтиков с.ғ.д., профессор	Біліктілікті арттыру және қашықтықтан білім беру орталығы	«Применение современных дистонционных образовательных технологий и преподавании социально- гуманитарных дисциплин: социологии, политологии, философии, культурологии, истории и религиоведения»	19.09.2020.	72 сағ.	Сертификат № 003227
5	Симтиков Ж.Қ. с.ғ.д., профессор	«Global Professional Development» Білім орталығы	«Совершенствование профессионального мастерства преподавателя вуза»	06.11.2020.	40 сағ.	Сертификат № ПК / Н / 0138
	Ішпекбаев Ж.Е. с.ғ.к., профессор	Агенство ISO едрения	«Системы менеджмента противодействия коррупции»	2018 21.12.2021. дейін жарамды		Сертификат 1342-AVISO- 18
	Ішпекбаев Ж.Е. с.ғ.к., профессор	Абай атындағы ҚазҰПУ	«Тренинг по подготовке к переходу ГЦОС (разработка Горизонтально- циклической организационной структуры) и внедрению принципов Адаптивного лидерства»	13.01.2020- 18.01.2020	40 сағ.	Сертификат
	Ішпекбаев Ж.Е. с.ғ.к., профессор	Агенство ISO едрения	«Подготовка внутренних аудиторов системы менеджмента противодействия	2020 23.02.2023. дейін жарамды		Сертификат 244-AVISO- 20

			коррупции по требованиям международного стандарта ISO 37001:2016»			
6	Е.Н. Ермұқанов т.ғ.к., доцент	Біліктілікті арттыру және қашықтықтан білім беру орталығы	«ЖОО оқу процесін ұйымдастырудағы білім беру технологиялардың тиімділігі»	06.03.2020.	40 сағ.	Сертификат № 001504
7	Е.Н. Ермұқанов т.ғ.к., доцент	Абай атындағы ҚазҰПУ	«Цифырлы педагог»	20.07.2020-25.07.2020.	36 сағ.	Сертификат
8	Р.Р. Оспанова т.ғ.к., доцент	Абай атындағы ҚазҰПУ	«Цифырлы педагог»	20.07.2020-25.07.2020.	36 сағ.	Сертификат
9	Р.Р. Оспанова т.ғ.к., доцент	Біліктілікті арттыру және қашықтықтан білім беру орталығы	«Жоғары оқу орны оқытушыларының кәсіби шеберлігін жетілдіру»	02.11.2020-06.11.2020.	40 сағ.	Сертификат 002634
10	А.Б. Агибаев ғ.ғ., магистрі	Біліктілікті арттыру және қашықтықтан білім беру орталығы	«Совершенствование профессионального мастерства преподавателя вуза»	06.11.2020.	40 сағ.	Сертификат 003221

Оқу құралы:

**Ішпекбаев Ж.Е.** Қазақ елі: саяси-әлеуметтік рухани жаңғыру тағылымы// Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2019. -276 бет.

**4. Тәрбие үдерісі** (ҚХА кафедрасында атқарылған іс-шаралар, студенттердің «Бірлік» Ассамблеясының құрамы, іс-шараларға қатысуы, кездесулер).

**2020 жыл.** Қазақстан халқының бірлігі күні мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығын мерекелеу аясында «Бір үйдің баласындай» студенттік этнофестивалі онлайн режимінде өткізілді. Іс-шараның мақсаты – еліміздің барлық азаматтарына ортақ адамгершілік және рухани-мәдени құндылықтар негізінде республикадағы этносаралық келісімді нығайту.

**Тамыз, 2020 жыл.** Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының 2019-2020 жылдарында атқарылған жұмыстары жинақталған альбом шығарылды.

**5 қыркүйек 2020 жыл.** Дәстүрлі түрде Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы №689 қаулысына сәйкес, Қазақстан халқы тілдері күніне арналған «Тіл – татулықтың тірегі» атты мерекелік шара онлайн түрде өткізілді. Іс-шараның мақсаты Тәуелсіз елімізде өмір сүріп отырған ұлт өкілдері арасындағы достық пен бірлікті нығайту барысында мемлекеттік тілге құрмет сезімдерін қалыптастыру.

**30 қазан 2020 жыл.** «Абай – әлем тілдерінде» байқауы бойынша «Абай әлемі» жалпыұлттық онлайн-студенттік өнер фестивалін өткізу туралы

Ректордың бұйрығына сәйкес, «Абай әлемі» жалпыұлттық онлайн-студенттік өнер фестивалінің университетішілік іріктеу кезеңі өткізілді. Университет бойынша Математика, физика және информатика институты, Филология және көптілді білім беру институты, Шетелдік азаматтарға арналған және Дайындық факультеттері бойынша студенттер қатысты. «Абай әлемі» жалпыұлттық фестивалінің «Абай – әлем тілдерінде» байқауына қатысқан студенттердің іріктеу кезеңі бойынша Бас жүлдені Онганго Кристиан, Онганго Алели, 1 орынды Сүлейменова Баһор, 2 орынды Дон Лихуэй, 3 орынды Ян Ли иеленді. Студенттердің өнерін әділ бағалап, қорытынды шығару мақсатында «Абай – әлем тілдерінде» өлең байқауы бойынша құрылған қазылар алқасының құрамында ҚХА кафедрасының меңгерушісі ф.ғ.к., профессор Гүлжиһан Шахарман Пішенбайқызы төрайымы болды. Халықаралық ғылыми-мәдени байланыс бөлімінің бастығы Муханова Қарлығаш Бейсенқызы, Шетел азаматтарына арналған филологиялық мамандықтар кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор Бегалиева Сәуле Баязқызы қазылық етті. Хатшы ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясының инспекторы Нағашыбекқызы Мадина қатысты.

**18 қараша 2020 жыл.** Студенттік апталық аясында Қазақстан халқы Ассамблеясы ұйымдастыруымен «Сен білесің бе?» атты викториналық ойыны өтті. Интеллектуалдық викторина жарысының мақсаты: Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына орай Ассамблея туралы мәліметтерді білу, түсіну және оны саяси-әлеуметтік ортада қолдана білу. Викторинаға Абай атындағы ҚазҰПУ институттарынан өзге ұлт өкілдері Молочиева Лазина, Адилова Хадича Алиева Гюзэл, Боловнева Анджелика, Омар Фируза, Ярқұл Айгүл, Курбанова Малика, Рамилям Рафайлқызы, Сүлейменова Баһор және «Бірлік» Ассамблеясының төрағасы Абдушакиров Азиз қатысты. Викториналық жарысты жүргізген «Бірлік» Ассамблеясының студенттері Абдушакиров Азиз және Сүлейменова Баһор. Ойын қызықты әрі тартысты өтті. Іс-шараны Қазақстан халқы Ассамблеясы Шахарман Гүлжиһан Пішенбайқызы ашып, сөз кезегін Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы Ділдәбек Дидар Жұмағалиұлы жалғастырып барша қатысушыларға сәттілік тіледі. Қазылар алқасында Тарих және құқық институтынан Нұрболат Манапбаев, Филология және көптілді білім беру институтынан Гүлназ Нүптекеева, Ассамблея кафедрасынан Әли Ағыбаевтар төрелік етті.

**27 қараша 2020 жыл.** Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде Тәрбие және әлеуметтік жұмыстары және жастар ісі жөніндегі департаменті және Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының ұйымдастыруымен онлайн режимінде «Этносаралық және конфессияаралық қатынастарды нығайтудағы жастардың рөлі» тақырыбында республикалық дөңгелек үстел өтті. Айтулы шараны университетіміздің ректоры Такир Балықбаев өз кіріспе сөзімен ашты. Республикалық дөңгелек үстелге Қолданбалы зерттеулер институты директорының орынбасары А.Сәдуақасова, Қазақстан халқы Ассамблеясы

қауымдастығы төрағасының орынбасары Л.Гривенная, «Барбанг» күрд этномәдени бірлестігінің төрағасы К.Мирзоев, «Ахыска» түрік этномәдени бірлестігі басшысының орынбасары Қ.Қасимов, ҚХА жанындағы "Жарасым" республикалық жастар ұйымының төрағасы Т.Жұмырбаев, Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясы Хатшылығының басшысы Н.Балғымбаев, Филология және көптілді білім беру институтының 4 курс студенті, «Бірлік» Ассамблеясының төрағасы А.Абдушакиров және т.б. қонақтар қатысып, өз ойларын ортаға салды. Сондай-ақ шараға Этномәдени бірлестіктердің өкілдері, қоғам қайраткерлері, Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедралары Ассоциациясының өкілдері, Абай университетінің институт директорлары мен орынбасарлары, Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының оқытушылары және студенттердің «Бірлік» Ассамблеясының мүшелері қатысты. Республиканың әр түкпірінен қосылған жалпы тыңдаушылардың саны 311-ге жетті.

**10 желтоқсан 2020 ж.** Ел тәуелсіздігінің 29 жылдығы қарсаңында Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы мен Филология және көптілді білім беру институтының ұйымдастыруымен бірлесе отырып, студенттер арасында онлайн форматында **«Тәуелсіздік тірегім – Қазақстан жүрегім» тақырыбында мерекелік әдеби-музыкалық кеш** өткізілді. Студенттердің күшімен сахналық қойылым көрсетіліп, кеш тақырыбына сай әндер шырқалды. Іс-шараны университетіміздің Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі Г.П. Шаһарман құттықтау сөзімен ашты. Академик С.Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры, ф.ғ.д., Қ.Қалыбаева сөз сөйлеп, Шетел тілдері кафедрасының аға оқытушысы Төлеген Меркібаев музыкалық кешті «Отан – Ана» әнімен бастады. Мақсаты: Студенттерді еліміздің тәуелсіздік алған жылдар ішіндегі жеткен жетістіктерімен таныстыру, қазақ халқының ерлігін, даналығын паш ету, оның ізгі қасиеттерін ардақтап, өнеге тұту. Болашақ ұрпақтың рухани тұлғалық және адамгершілік құндылықтарын дамыту. Отанын сүйуге, ел тарихын білуге, еліміздің мемлекеттік рәміздерін қастерлеуге, отанымыздың байлығын қорғауға, елімізді өркендетуге білімді ұрпақ болуға тәрбиелеу. Еліміздің тарихы беттерінен ірі оқиғаларды еске түсіру мақсатында «Көшпенділер», «Желтоқсан оқиғасы» фильмдерінен үзінділер көрсетілді. Кештің әдеби қыры одан әрі жалғасып, Қазақстанның әр түкпірінен оқитын студенттер өз шығармашылықтарынан Тәуелсіздікке арнаған өлеңдерін оқыды. Тәжіғали Ислам мен Ахмадиев Айбынның жүректі тебіренер өлеңдері көпшіліктің көңілінен шықты. Сонымен қатар Мәлісова Данараның орындауындағы «Майлықожаның термесі» және Жансая Еркінқызының орындауындағы Құрманғазының «Балбырауын» күйі көпшілікті таңқалдырды. Әдеби-музыкалық кеш соңында «Атамекен» әні орындалды. Қорытынды сөзді Филология және көптілді білім беру институты директорының Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Е.С.Қасенов алып, студенттердің белсене қатысқандары үшін алғыс білдірді.

**Кафедра 2020-2021** оқу жылынан бастап педагогикалық емес барлық мамандықтағы, орыс және қазақ бөлімдерінің 1-курс студенттеріне «**Этносаралық келісімнің қазақстандық үлгісі**» арнайы курсы енгізілді. Бұл пән 2018-2019 оқу жылында профессор Г.В. Канның ұсынысымен пилоттық режимде өткізіліп, оқу үдерісіне ұсынылған. Бұл жас ұрпақтың заманауи әлемде дұрыс бағдар алуына, толеранттылықты сақтауға, қазақстандық қоғамдағы рухани келісімге, Қазақстан халқының бірігу үдерісіне белсене қатысуына және азаматтық қоғамдастықтың қалыптасуына мүмкіндік жасайды. Жаңа пәнді университеттің біліктіліктері жоғары профессор-оқытушылары жүргізеді. Оқыту барысында әр ұлт өкілдерінен құралған студенттердің қызығушылығын байқауға болады. Білім алушыларға арналған пән туралы арнайы бейне-ролик ұсынылып, дәріс, семинар сабақтарының тақырыптары мазмұнына қарай іріктеліп жасалды.

Бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес 2020 жылдың қаңтар айында «**Жыр дүлділі-Жамбыл әлемі**» тақырыбындағы Жамбыл Жабаевтың мерейтойына орай университет көлеміндегі эссе жазу байқауы өткізу жоспарланып отыр.

Кафедраның жетекшілігімен университетте студенттік «**Бірлік**» Ассамблеясы жұмыс істейді. «**Бірлік**» Ассамблеясының 30 студенттен тұратын тұрақты белсенділер тобы бар. Олар университеттің жеті институтынан құралған. Университет бойынша жалпы 500 ге жуық өзге ұлт студенттері оқиды. Студенттер арасындағы өзге ұлт өкілдерінің саны – 489. Оның ішінде орыс ұлты – 148, ұйғыр ұлты -161, өзбек -88, корей-17, татар - 17, түрік -12, әзербайжан -11, тәжік -7, украин -5, күрд -4, дүнген -3, неміс -4, грек -3, ингуш, чешенде -2-ден, қалған ұлт өкілдері бір-бірден. Олардың әрқайсысы өздерінің этно-мәдени бірлестіктерінің қалыпты жұмыс істеуіне, дамуына мүдделі және әрдайым іс-шаралар арқылы үлес қосуға тырысады. Өзге ұлт студенттерінің үштен екісі мемлекеттік тілде түсінеді, үштен бірі қазақша еркін сөйлейді. Бұл студенттердің ел тұтастығы мен азаматтық қоғам бірегейлігін қалыптастырушы фактордың бірі ретіндегі - мемлекеттік тілді дамытуға қосып жатқан үлестері. Көрсеткішке қол жеткізу қазақ тілі сабақтары мен сөйлеу мәдениеті курсына жүзеге асырылады. Нәтижесінде университетте, қалалық, республикалық, халықаралық деңгейдегі байқау, жарыстарда жүлделі орындарға ие болып жүр. «**Бірлік**» Ассамблеясының студенттері университеттегі жоспарлы және жоспардан тыс атқарылатын іс-шараларға үнемі қатысып отырады.

«**Бірлік**» Ассамблеясы құрамындағы өзге ұлт студенттеріне мемлекеттік тілді терең меңгеруге арналған қазақ тілінен пилоттық режимде «**Сөйлеу мәдениеті**» курсы айына екі рет жүргізілді. Курсқа қатысқан студенттер қазақ тілін меңгеру деңгейлерін жетілдіріп, шаршы топтың алдында сөйлеуге бейімделді. Жиналыс, дебаттарда қазақша сөйлеп, тілдерін жаттықтырды. Алдағы уақытта бұл мәселені терең қарастырып, сағатын көбейту көзделіп отыр. Курстың мақсаты: Өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін еркін меңгеруіне ықпал ету.

## **5. Уәкілетті органдармен байланыс**



Ассамблея кафедралары Ассоциациясымен, АҚДМ Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтымен, этномәдени бірлестіктермен жүйелі түрде, тұрақты жұмыс жүргізіледі. Қазіргі пандемия жағдайында онлайн форматында жұмыс жалғасуда. Ассамблея кафедрасы базасында Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерінің қонақтық дәрістері оқытылады. «Барбанг» күрд этномәдени бірлестігінің жетекшісі, Ассамблея мүшесі, профессор К.И. Мирзоев 2020 жылдың 30 сәуірінде, онлайн режимінде студенттерге «Бір мақсат, бір мүдде» тақырыбында дәріс оқыды. 2021 жылдың сәуір айына «Ахысқа» түрік этномәдени бірлестігінің орынбасары, Қ.Т. Қасимовты шақыру жоспарланып отыр.

### **2020-2021 оқу жылының 2 ші жарты жылдықта атқаратын іс-шаралар тізімі.**


1. «Жыр дүлділі – Жамбыл әлемі» Жамбыл Жабаевтың мерейтойына орай өткізілетін іс-шара
2. «Жүз жыл жырлаған жүрек» Жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына орай өткізілетін мерекелік іс-шара
3. «Үлкенге –құрмет, кішіге –ізет» 1 наурыз – Алғыс айту күніне арналған іс-шара.
4. «Әз-Наурыз Абай ауылында» театрландырылған мерекелік шара.
5. «Бір үйдің баласындай» тақырыбында Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған студенттер Ассамблеясының этнофестивалі. Этно-мәдени бірлестіктің презентациясы, әр халықтың ұлттық өнері.
6. «Ерлік -ұрпаққа өнеге» 9-Мамыр Жеңіс күніне арналған өзге ұлт өкілдері студенттерінің арасындағы іс-шара. Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, Халық қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы Бауыржан Момышұлының ерліктерін жас ұрпаққа насихаттау.
7. «Өлмейтұғын артында сөз қалдырған» Абай күніне арналған музыкалық іс-шара.
8. «Конституция – келешектің кепілі» 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне арналған мерекелік шара.
9. 1. Алматы қаласында ҚХА қалыптасуы, «Этносаралық келісімнің Қазақстандық моделі», «Ұлы даланың жеті қыры», «Қазақтану» тақырыптарына презентациялар, қосымша әдістемелік оқу құралдар әзірлеу. 2. Қазақстан халқы Ассамблеясы мәселелері, жастардың рөлі бағытында БАҚ –та мақалалар жариялау



### **Қосымша. Фотоесеп**

**1. ҚХА кафедрасында 2020-2021 оқу жылында жаңадан енгізілген пән: «Этносаралық келісімнің Қазақстандық моделі»**



**2. 2020 жыл. Қазақстан халқының бірлігі күні мен Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығын мерекелеу аясында «Бір үйдің баласындай» студенттік этнофестивалі өткізілді.**










3. 2020 жыл, тамыз. Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының 2019-2020 жылдарында атқарылған жұмыстарын жинақтау альбомы шығарылды.





4. 2020 жылы 5 қыркүйек. «Тіл – татулықтың тірегі» атты мерекелік шара өткізілді.



5. 2020 жылы 30 қазан. «Абай әлемі» жалпыұлттық фестивалінің «Абай – әлем тілдерінде» атты байқауы өтті.






**6. 2020 жылы 18 қараша. Студенттік апталық аясында Қазақстан халқы Ассамблеясы ұйымдастыруымен «Сен білесің бе?» атты викториналық ойыны өткізілді.**









**7. 2020 жылы 27 қараша. «Этносаралық және конфессияаралық қатынастарды нығайтудағы жастардың рөлі» тақырыбында республикалық дөңгелек үстелі өткізілді.**







8. 2020 жылы 10 желтоқсан. «Тәуелсіз тірегім – Қазақстан жүрегім» атты мерекелік шара өткізілді.





**«Бірлік» Ассамблеясының тәрбиелік іс-шаларында көрсеткен үздіктері**

**«Бірлік» Ассамблеясының студенттері еріктілер қатарында**




## «Бірлік» Ассамблеясы студенттерінің жетістіктері





Дәстүрлі ғылыми-практикалық конференцияға қатысушылар:  
Ахмадинова Махлиё 1 дәрежелі диплом иегері, Эм Лидия 3 дәрежелі диплом иегері



**Үздік спикерлер**




**2019-2020 жж. «Сөйлеу мәдениеті» курсы**







**2020 жылы 1 қаңтар. Университет көлеміндегі іс-шараларға ҚХА кафедрасының қатысуы**



**2020 жылы 26 тамыз. ҚХА Төрағасының орынбасары Ж.Түймебаевтың қатысуымен өткен Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедралары Ассоциациясының кеңейтілген отырысы**



**Абай атындағы Каз.ҰПУ  
ҚХА кафедра меңгерушісі**

**Г. Шаһарман**